

**Банктік емес ұйымдардың
2007 жылғы 1 тамыздағы ағымдағы жағдайы**

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 29 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

| № | Ұйымның атауы | 01.01.2007 | 01.08.2007 |
|---|---|------------|------------|
| 1 | Ипотекалық ұйымдар | 10 | 10 |
| 2 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар, | 16 | 19 |
| | оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар | 1 | 3 |
| | Барлығы | 26 | 29 |


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 39,7 %-ға өсіп, 176 849,2 млн. теңгені құрады.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасының маңызды үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 86,7% (153 330,6 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 7% (12 343,7 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға - 1,7% (2 900,0 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 1,4% (2 427,3 млн. теңге) келіп отыр.

| Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.2007 | | 01.08.2007 | | Өсуі (%-бен) |
|---|------------------|----------------|------------------|----------------|--------------|
| | млн. теңге | %-бен жиынтығы | млн. теңге | %-бен жиынтығы | |
| Қолма-қол ақша | 115,3 | 0,1 | 159,4 | 0,1 | 38,2 |
| Корреспонденттік шоттар | 1 634,6 | 1,3 | 2 427,3 | 1,4 | 48,4 |
| Бағалы қағаздар | 12 783,3 | 10,1 | 12 343,7 | 7,0 | -3,4 |
| Басқа банктерге орналастырылған салымдар | 2 550,0 | 2,0 | 2 900,0 | 1,7 | 13,7 |
| «Кері РЕПО» операциясы | 0,0 | 0,0 | 1 250,0 | 0,6 | 100,0 |
| Клиенттерге берілген заемдар | 103 472,4 | 81,7 | 153 330,6 | 86,7 | 48,2 |
| Капиталға инвестиция және реттелген борыштар | 2 752,6 | 2,2 | 0,0 | 0,0 | -100,0 |
| Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер | 1 007,5 | 0,8 | 1 696,9 | 1,0 | 68,4 |
| Басқа активтер | 2 238,60 | 1,8 | 2 741,3 | 1,5 | 22,4 |
| Барлығы активтер | 126 554,3 | 100 | 176 849,2 | 100 | 39,7 |

2007 жылғы 1 қаңтардағы ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)




2007 жылғы 1 тамыздағы ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)



Кредиттік портфель. 1 тамыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі жыл басымен салыстырғанда 49,9%-ға өсіп, 156 589,2 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 93,8%-дан 93,1%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 6,0%-дан 6,5%-ға дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі 0,4%-ға дейін ұлғайды.

| Несие портфелі сапасының динамикасы | 01.01.2007 | | 01.08.2007 | |
|---|----------------------------------|-----------------|----------------------------------|-----------------|
| | негізгі борыш сомасы, млн. теңге | % -бен жиынтығы | негізгі борыш сомасы, млн. теңге | % -бен жиынтығы |
| Несие портфелі барлығы | 104 432,9 | 100 | 156 589,2 | 100 |
| Стандартты | 97 922,0 | 93,8 | 145 841,6 | 93,1 |
| Күмәнді | 6 317,0 | 6,0 | 10 182,3 | 6,5 |
| <i>1- санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақытылы төлеген кезде | 4 797,5 | 4,6 | 6 484,5 | 4,1 |
| <i>2- санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 762,2 | 0,7 | 2 143,2 | 1,4 |
| <i>3- санатты күмәнді</i> – төлемдерді уақытылы және толық төлеген кезде | 424,9 | 0,4 | 27,1 | 0,02 |
| <i>4- санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 268,4 | 0,3 | 465,2 | 0,3 |
| <i>5- санатты күмәнді</i> | 64 | 0,1 | 1 062,3 | 0,7 |
| Үмітсіз | 193,9 | 0,2 | 565,3 | 0,4 |




1 тамыздағы жағдай бойынша жиынтық несиелік портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 98,9% құрады. Олардың ішінде «БТА Ипотека» АҚ - 47,5%, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 34,5%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 16,9%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 44 764,8 млн. теңгеге немесе 45,2 %-ға өсті және 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 143 601,5 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (57,4%-ға) және басқа банктерден алынған заемдар (39,8 %-ға) басым болды.

| Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.07 | | 01.08.07 | | Өсуі, %-бен |
|--|-----------------|-----------------|------------------|-----------------|-------------|
| | млн. теңге | % -бен жиынтығы | млн. теңге | % -бен жиынтығы | |
| Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан және басқа банктерден алынған заемдар | 27 975,5 | 28,3 | 57 144,8 | 39,8 | 104,3 |
| Бағалы қағаздарман «РЕПО» операциялары | 0,0 | 0 | 0,0 | 0 | 0,0 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 67 581,5 | 68,4 | 82 444,2 | 57,4 | 22,0 |
| Басқа кредиторлар | 788,2 | 0,8 | 819,0 | 0,6 | 3,9 |
| Басқа міндеттемелер | 2 491,5 | 2,5 | 3 193,5 | 2,2 | 28,2 |
| Міндеттемелердің барлығы | 98 836,7 | 100 | 143 601,5 | 100 | 45,2 |

2007 жылғы 1 қаңтардағы ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%)



2007 жылғы 1 тамыздағы ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. 2007 жылғы 1 тамызда ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 2 205,8 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне (2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша – 1 255,2 млн. теңге) қарағанда 75,7%-ға көп. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 14 725,7 млн. теңге болды (2006 жылғы 1 тамызда – 7 781,5 млн. теңге), шығыстар – 12 519,9 млн. теңге (2006 жылғы 1 тамыздағы – 6 526,3 млн. теңге) болды.

| Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңге | млн. теңге | | |
|---|------------|------------|---------------------|
| | 01.08.2006 | 01.08.2007 | %-бен өзгеруі (+;-) |
| Сыйақы алумен байланысты кірістер | 6 379,8 | 11 076,9 | 73,6 |
| Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар | 3 709,5 | 6 362,0 | 71,5 |
| Сыйақы алумен байланысты емес кірістер | 1 401,7 | 3 648,8 | 2,6 есе |
| Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар | 2 816,8 | 6 157,9 | 2,2 есе |

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (69,3% немесе 10 207,3 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал проценттік шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (30,4% немесе 3 803,7 млн. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Ипотечалық ұйымдардың меншікті капиталы ағымдағы жылдың басынан бастап 5 529,9 млн. теңгеге немесе 20 %-ға өсіп, 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 33 247,8 млн. теңгені құрады.

* Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың есептілігі тоқсан сайын ұсынылады.

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.